**«6D020600 –Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мирзагелдиев Бейбит Алипбековичтің «Патшалық Ресей тұсындағы Қазақстандағы мұсылмандық басқару (Орынбор мүфтилігі мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

# СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы дін, тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | 6D020100 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Жұмыс зерттеу тақырыбы өзекті және автор диссертациялық жұмыстың ғылыми мазмұны дін тарихын тануға және дінтану саласының дамуына елеулі үлес қосады.. Орынбор мүфтилігін зерттеуде әлі күнге дейін мән берілмеген қажетті маңызды қырларын ашып көрсете алған. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br><u>1) жоғары;</u><br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Диссертация мәтініндегі автордың өзі жазу деңгейі жоғары деп бағаланды. Себебі, автор ойларын жүйелі тұжырымдап, пайдаланылған әдебиеттердің сілтемелерін барынша қажетті жерінде келтіреді. Сонымен қатар диссертацияның мазмұндық мәтінінің берілуі мен жазылу стилі ғылыми-логикалық, дәлелді, дәйекті сипатта орындалған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) жартылай негізделген; | Диссертацияның өзектілігі тарихтағы діни ұйымның және діннің қатынасын зерттеуі және зерттеудің бүгінгі күндегі діни бірлестіктердің, соның қатырында Орынбор мүфтилігіне ұқсас ҚМДБ қызметін түсінуге |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) негізделмеген. | мол мүмкіндік беретіндігі. Автор Орынбор мүфтилігінің қызметін зерттей келе Ресей патшалығының дін туралы саясаты мен ұстанымынына, тек тарихи көзқараспен емес дінтанулық қырына үңілуді өзектендіре алған. Сондықтан автор көтерген проблемалар өзекті және диссертацияда бұл толық негізделген. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br><u>1) айқындайды;</u><br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертация мазмұны мен құрылымы диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Автор алдымен қазақ даласының Орынбор мүфтилігіне кіргізілуінің себептері мен әкімшілік ұйымдасту мәселелері алғашқы тарауда береді. Келесі тарауда Орынбор мүфтилігінің діни басқару қызметі мен дін адамдарының лауазымдық ерекшеліктері талданған. Соңғы тарауда Жәңгір хан тұсындағы мұсылмандық басқаруға сипаттама береді. Тақырып барынша дінтанулық зерделеулердің жалпы бағыты мен бағдары ұтымды айқындалғанын байқатты. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br><u>1) сәйкес келеді;</u><br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Диссертацияның тақырыбы мен зерттеудің мақсаты, міндеттері, олардың мәтінде айшықталуы толық сәйкес келеді. Жалпы, диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес көптеген қырлары диссертация мәтінінде сәтті ашылып берілген екен. Әсіресе, диссертант көрсеткен жаңалықтар мен ғылыми тұжырымдардың көрсетілуі тақырыпқа сәйкес келеді. Автор тақырыпқа сай дереккөздер мен мұрағат құжаттарын талдаған. Аталмыш ерекшеліктер біздің жұмысты оңды бағалауымызға негіз болды. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br><u>1) толық байланысқан;</u><br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертацияның құрылымында қамтылған барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда толық байланысқан. Барлық бөлімдер өзара тығыз байланысып, жалпы жұмыстың құрылымы мен мазмұны тақырыптың толықтай ғылыми сипатталуына мүмкіндіктер беріп отыр. Мәтінде келтірілген сараптамалық жұмыстар бір ғана маңызды мақсатқа нақты жұмыс істейді. Тақырыпқа сай құрылған бөлімдер бірін бірі толықтырып, Ресй патшалығы кезеңіндегі мұсылмандық басқаруды жан-жақты қамтыған. Сондықтан еңбектің ішкі біртұтастығы бар екенін ескере отырып оның жалпы құрылымдық сипатына оң баға береміз. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br><u>1) сыни талдау бар;</u><br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Автор қазақ даласын Орынбор мүфтилігінің қарамағынан шығару себептерінің жергілікті мәселелері арқылы ашады. Осы арқылы патшалықтың дін саласындағы басқаруына сыни талдау жүргізген. Әрине, автор сыни талдауды мұнымен шектемейді. Мысалы, қазақ даласындағы діни ахуалға қатысты ескі жазбаларды салыстыра отырып сыни пікірін білдіреді. Жалпы, осы сарындағы сыни талдаулар зерттеуде тарихи және діни мәтіндер арқылы орын алған. Автордың тұжырымдарымен және басты бағыттарының көбісі дәйекті және әдістемелік тұрғыда орынды. Сол себепті зерттеуде автор тарапынан «сыни талдау бар» деген баға берілді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары «толығымен жаңа» болып табылады деп бағалаймыз. Әсіресе, әлі күнге дейін зерттеушілер арасында аса қызығушылық танытылып келе жатқан Орынбор мүфтилігінің қызметі жаңа бағыт дінтанулық әдіс арқылы ғылыми қорытындыларға қол жеткізген. Өз кезегінде бұл зерттеудің нәтижелері мен қағидаттарының да толығымен жаңшыл болуына жол ашқын. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның қорытындылары «толығымен жаңа» деген ойдамыз. Мәселен, автордың еңбегінде қазақ даласының Орынбор мүфтилігіне 1868 жылдан кейін де діни мәселеде тығыз байланыста болғанын дәйектеуі зерделеу жұмыстың маңызды жетістігі деп бағалаймыз. Еңбектің негізгі бағыты дінтанулық зерттеуге бағытталғандықтан автор нақты жаңа қорытындыларға қол жеткізген. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері тұрғысынан гуманитарлық сала өнімдерін нақты бағалаудың дәлдігі төмен, дегенмен диссертация мәтінінде қамтылған барлық тұжырымдардың практикалық маңызы бар екенін анық және олар толық мәтінде жаңаша негізделген. Жұмыстың жалпы ғылыми нәтижелері біршама қомақты және осыған орай олардың топтамасы рецензент тарапынан «толығымен жаңа» деген бағалауға ие болып отыр. |
| 6. | Негізгі қорытындыларды ң негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Диссертацияң барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және мәтінінің мазмұны тақырыпқа барынша сәйкестендірілген. Сәйкесінше ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлелдемелерге сүйеніп, дәйектелген. Орынбор мүфтилігінің қызметі . Автор болашақта әлеуметтік саланың күрделі мәселелерін өзінің шығармашылық практикасында сыни зерттеу нысанына айналдырады деген ойдамыз. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия; | 7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидаттар дәлелденген және ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор дінтанулық бағытпен қатар жалпы гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдерді пәнаралық байланыс деңгейінде жұмыста қолдана білген. Әрбір қағидат «дәлелденді» деген қорытынды жасалды.<br>7.2 Жұмыс қағидаттары тривиалды, яғни үстірт түрде емес. Сондықтан, бұл жерде «жоқ» деген баға беріледі. Алынған әрбір нәтижені тиянақтап, теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізіп ұсынғаны байқалды. Сонымен қатар, диссертант көбіне діни мітнмен байланыстыра отырып терең талдауға мән берген.<br>7.3 Негізгі қағидаттардың барлығына «жаңа» деген баға берілді. Жалпы жұмыстың жаңашыл қағидаттарының жалпы саны жеті екені байқалды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br><u>3) кең</u><br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br><u>1) иә;</u><br>2) жоқ | Біріншісінде Орынбор мүфтилігінің құрылуындағы ішкі және сыртқы себептері талданып, қазақ даласындағы діни және тарихи оқиғалардың ықпалы көрсетілген. Екіншісінде әлі күнге дейін тәжірибеде қолданылып жүрген марапаттаудың орнын, Ресей патшалығының мұсылмандарды марапаттау жүйесі арқылы көрсеткен. Үшіншісінде Ресей патшалығындағы мұсылман дін қызметкерлер лауазымының діни астары мен теологиялық мәніне көңіл аудару арқылы және қазақ даласындағы ерекшеліктерін тоқталу нәтижесінде жаңа қырынан көрсете білген. Төртіншіде Орынбор мүфтилігінің сот-аппелациялық, ал, молдалардың шариғи сот құзіретінің кезең кезеңмен азаюуы нақты дәлелді дереккөздермен ашылған. Бесіншіде ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа болып табылады. Жәңгір Бөкейұлының батыстық және діни келбеті арқылы дін мен модернизм қатынасын көрсеткен. Алтыншыда диссертант үш бағытты қатар зерттеу арқылы ғылыми нәтижеге қол жеткізген: Діни ағарту, зайырлы ағарту; Дін қайраткерлерінің қызметі. Жетіншіде қазақтардың орынбор мүфтилігінен шығарылу себебі мен шыққаннан кейінгі жағдайы жаңа талданған. Жоғарыдағы негіздерге байланысты осы бапқа «Иә» деген баға берілді.<br>7.4 Қағидаттардың қазіргі ғылым мен білімнің дамуында, әлеуметтік ортада қолдану бойынша «кең» деген баға берілді. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерін гуманитарлық пәндердің, яғни философия, тарих, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет саласында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында толық пайдалануға болады. Сондықтан рецензент тарапынан бұл бап «кең» деп бағаланды. Әрине, тақырыпқа қатысты жоғары оқу орындары студенттері үшін арнайы әдістемелік материалдарды жинақтап, жарыққа шығару тақырыпты одан да әрі дамыта түседі.<br>7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттары отандық және кейбір шетелдік жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, талапқа сай сынақтан өткен деген пікірдемін. Мақалалар қазақ және ағылшын тілдерінде жарық көрген екен. «Скопус» тізіміндегі журналдарда автордың мақаласы жарияланған. Бұл мағынада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар талаптарға жауап береді. Сондықтан бұл пунктке «Иә» деген баға берілді. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған | 8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br><u>1) иә;</u><br>2) жоқ | Жұмысты орындау барысындағы әдістеме тұрғысынан автордың ғылыми кеңесшілер тарапынан жақсы кеңестер алғаны байқалып отыр. Дін тарихы мен дінтануда қолданылатын көптеген ғылыми тәсілдер тақырыпты зерделеу барысында кеңінен қолданылғаныкөрініп тұр. Әсіресе, тарихи-салыстырмалы, герменевтикалық және құрылымдық талдау әдістерді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ақпараттың дәйектілігі | | қолданғаны байқалды. Сондықтан әдіснамасына қатысты талапқа «Иә» деген баға береміз. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Докторант заманауи ғылыми әдістер мен деректерді тарихи-философиялық зерттеулер барысында жақсы қолданғаны байқалды. Сондай-ақ жұмыста компьютерлерлік тәсілдерді жақсы игеру арқылы зерттеу нәтижелеріне қажетті мәліметтерді ұтымды түсіндірмелеу мен қорытындылауды жетістіктерге жеткен. Әсіресе, қазіргі библиографиялық бағдарламалар тиімді қолданылған. Ғылыми нәтижелердің дәйектілігі жоғары. Зерттеуде кезедесетін еңбек авторларының деректерін дәйексөздеріне сыни талдаудан өткізген. Сондықтан бұл сала бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді деп сенемін. |
| | | 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертация жұмысында келтірілген ғылыми тұжырымдамалар зерттеу кезеңдері жалпы қазақстан тарихының кезеңдерімен, қазақ халқының рухани тарихының жалпы эволюциясымен астасып жататыны байқалды. Автор өзінің теориялық ойларын барынша нақты құжаттар мен деректермен дәйектеп, сәйкестігін қамтамасыз етуге тырысады. Мәселен, Орынбор мүфтилігінің қазақ даласындағы қызетінің тоқтауын себебін жалаң болжаммен шектемей нақты Әлихан Бөкейханов, Шоқан Уәлихановтың жазбалары арқылы дейектеуген. Сондай ақ бұл тек екі автордың ойы ғана емес екенін мұрағат құжаттары арқылы қуаттап, сабақтастырған. Сондықтан автордың бұл талпынысына «иә» деген баға берілді. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге сілтемелер жасау тұрғысынан алғанда әлемде еркіндік тақырыбына жарияланған ғылыми әдебиеттер біршама екені анық. Автор тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық авторлардың көптеген еңбектерін қамти алғаны байқалды. Кейбір сілтемелерге нақты алғанда автор тарапынан сыни түсіндірмелер де берілген. Диссертацияда келтірілген маңызды сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәйектеуге көмектесетінін байқауға болады. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Зерттеу барысында пайдалананылған әдебиеттер тізімі тақырыпқа қатысты ғылыми әдеби шолуға негізінен жеткілікті. Автор тақырыпқа тікелей қатысты үлкен және кіші көлемді еңбектер, сондай-ақ, жанама қатысты әдебиеттердің де үлкен және кіші көлемді деп бөліп қарастырған. Нәтижеде таөырыпты ашуға қажетті әдебиеттерді толық жеткілікті көлемде жинақтай алған. |
| 9. | Практикалық құндылық | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) ия; | Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Себебі, Орынбор мүфтилігі мен мұсылмандық басқаруды зерттеу қазіргі кездегі мемлекет пен дін, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | принципі | 2) жоқ | конфессиялардың басқару концепциясы жайлы ғылыми базаны байытады. Алдағы зерттеулерге теориялық демеу арқылы үлкен маңызға ие болады.. Сондықтан теориялық маңызға қатысты бапқа сәйкес «Иә» деген баға берілді. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертация мәтінінде келтірілген мұсылмандық басқаруды зерттеудің практикалық маңызы зор және еліміздің дін саласындағы реттеу мен саясатын ұйымдастыруда пайдалы. Өйткені, Орынбор мүфтилігінің қызметін зерттеу арқылы қазіргі кездегі мұсылмандық діни бірлестіктердің сипаттамасын ұғынуға жол ашылады. Сондықтан осы мағынада бұл бапқа «Иә» деген жауап берілді. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертация мәтінде өрнектелген практикалық ұсыныстарды «толығымен жаңа» деуге болады. Себебі, автор зерттеуінде діни лауазымдардың қызметінің практикалық көрінісін талдаған және оқырманған нақты ұсыныстарды ұғынуға ыңғайлы тұжырымдарды келтірген. Автордың практикалық ұсыныстары діни бірлестіктер мен мемлекеттік басқару саласында өзінің игі ықпалын тигізеді деген пікірдемін. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Автордың ұсынған мәтініндегі академиялық жазу сапасы «жоғары деңгейде» деуге болады. Себебі, автор негізінен теориялық және әдіснамалық тұрғыда ғылыми ортада кең тараған тарихи-салыстырмалы, дінтанулық талдаулар тәсілдерін, принциптерін жақсы қолданады. Жұмыста теологиялық, дінтанулық және тарихи сараптаулар қисынды сабақтасқаны байқалды. Сондықтан диссертациялық зерттеудің теориялық деңгейіне сәйкес академиялық деңгейі де жоғары екені анық. |

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

1) **«6D020600 –Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мирзагелдиев Бейбит Алипбековичтің «Патшалық Ресей тұсындағы Қазақстандағы мұсылмандық басқару (Орынбор мүфтилігі мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін**

**Ресми рецензент:**
**ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің**
**«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени**
**қорық-мұражайының директоры**
**тарих ғылымдарының докторы** **Мухтарова Гульмира Раиловна**

**(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)** **(қолы)** **(аты-жөні)**